

ӘОЖ 811.512.122

**КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК ЖАСАЙТЫН КӨСЕМШЕ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ
ТАРИХИ ДАМУ СИПАТЫ**

Мизамбекова Нұрсая Сабырбекқызы

mizambekova_nursaya@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі — қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. С.С.Шоқбаева

Ұзақ жылдар бойы аналитикалық формалы етістіктер, фразалық тіркестер, құранды етістіктер де күрделі етістіктерге (КЕ) жатқызылып келгені белгілі. Оларды, әсіресе аналитикалық формалы етістіктерді КЕ-ден ажырату Нұржамал Оралбаеваның еңбектерінен бастау алады. Оның 2007 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты оқулығында күрделі етістіктер 4 түрлі деп көрсетіліп, оларға: тіркесті күрделі етістіктер (лексикалық мағыналы екі етістіктің күрделі қимылды білдіретін тіркескен түрі), біріккен күрделі етістіктер, құранды етістіктер, тұрақты тіркесті күрделі етістіктер жатқызылады [1, 217-б.].

Бұдан тыс, Ы.Маманов, А.Ысқақов сынды морфолог ғалымдар да күрделі етістік ұғымының аясына есім негізді негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесінен құралған етістіктерді енгізеді. Ы.Мамановтың атап көрсетуінше, күрделі етістік көсемше формаларымен көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады [2, 58-б.].

Бірақ белгілі лингвист ғалымдар Сейілбек Исаев пен Кәкен Аханов күрделі етістік деп етістіктің біртұтас күрделі қимылды білдіретін, сыңарларының екеуі де дербес лексикалық мағынасын жоғалтпаған түрін айтады. Әрі 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» да күрделі етістік ретінде етістіктің тек осы атап көрсетіледі (аталған академиялық басылымның Етістік бөлімін жазған — С.Исаев). Ал сыңарларының бірі етістіктен басқа сөз табынан жасалған күрделі құрамды етістіктерді ғалымдар етістіктің басқа түрлеріне жатқызады. Мысалы, 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» зат есім+көмекші етістік; сын есім+көмекші етістік; еліктеуіш сөз+көмекші етістік; модаль сөз+көмекші етістік; сан есім+көмекші етістік түрінде жасалған етістік түрлері күрделі етістіктерден бөліп алынып, құранды етістікке жатқызылған [3, 400-б.].

Осы негізде, біртұтас күрделі қимылды білдіретін, сыңарлары лексикалық мағынаға ие КЕ жасалу жолдарын талдап көрелік. КЕ грамматикада дербес тұлғалы сөздер ретінде қаралады. Дербес сөз болғандықтан, олар басқа барлық дербес сөздер сияқты толыққанды сөйлем мүшесі болады. КЕ-нің дәл осы қасиеті олардың арасына сөз қыстыру мүмкіндігін жоққа шығарады.

КЕ әдетте екі сөзден құралады. Олардың сыңарлары негізгі түбірден де, туынды түбірден де жасала береді. Оларды құрылымы жағынан басқа, осыған ұқсас күрделі тілдік құбылыстардан ерекшелейтін негізгі белгісі — лексикалық бірлік ретінде күрделі қимылды білдіретіндігі деуге болады. Санамызда күрделі қимыл біртұтас іс-әрекет ретінде қабылданып, бір ғана қимыл ұғымы аңғарылады. Мысалы: *Ожардың Сейтенмен неге бірге байланып бара жатқанын Таймас әбден ұқса да, түндегі әңгімені естімеген пішін көрсетіп, екеуіне бірдей: — Қош болыңдар! — деп, терісбұрылып кетті* (І.Есенберлин, Қаһар). Осындағы *бұрылып кетті* — күрделі іс-әрекетті білдіретін лексикалық бірлік. Мұндағы бір уақытта жасалған біртұтас қимылдың өзі іштей екі кезеңнен тұрады: Таймас алдымен *бұрылып*, сосын *жүріп кеткен*. *Өлдім-талдым дегенде, бір бұзаулы сиыр бермек боп, бүкірдіалып қайтқан* (Аймауытов, Қартқожа). Осы сөйлемдегі *алып қайтқан* күрделі етістігі затты алдымен *алып*, сосын *қайтқанын* білдіріп тұр. Бірақ бұлардың әрқайсысы өз алдына бөлек сөйлем мүшесі бола алмайды әрі тек бір ғана грамматикалық единица болып табылады.

КЕ ерте дәуірлерден бері қалыптасып келген белгілі бір заңдылықтар негізінде жасалады. Әдетте олар белгілі модель бойынша түзілген болады. Соның ішіндегі ең кең тарағаны — түркі тілдерінде түбір етістік + көсемшенің жұрнағы + түбір етістік. КЕ-нің ерекше бір түрі — кіріккен күрделі етістіктер де болады, олар ежелде жоғарыда айтылған модель бойынша жасалып, бергін келе кірігіп кеткен.

КЕ құрамындағы сыңарларының атқаратын сөзжасамдық қызметі әрқелкі болады. Ауыспалы сыңары кез келген түбір не туынды етістіктерден жасала береді, бірақ тірек сыңары жасалатын етістіктер саны шектеулі. Мысалы, *кел* етістігі көптеген басқа етістіктермен тіркесіп, күрделі етістік жасайды: *алып кел, көріп кел, айтып кел, байқап кел, беріп кел, біліп кел, бітіріп кел, еріп кел, өрлеп кел, көшіп кел, қайтып кел, қарап кел*, т.б.

Осы мысалдардағы КЕ-нің барлығында алғашқы (ауыспалы) сыңары ауысып отыр, ал тірек сыңары тұрақты. КЕ жасайтын тірек сыңар ретінде келетін етістіктер саны да, олардың аумағы да тілімізде белгілі. КЕ-нің тірек сыңары болатын етістіктерсаны қазақ тілінде 20 шақты. Олардың басқа етістіктермен тіркесіп, КЕ жасауының өзіндік тарихи қалыптасқан заңдылықтары бар. Олар мыналар: көсемшенің *-ып, -іп, -п* жұрнағы; көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнағы; *да* демеулік шылауы; кірігу тәсілі. Осының ішінде *-ып, -іп, -п* және *-а, -е, -й* көсемше тұлғаларына тоқталайық.

-ып, -іп, -п жұрнағы. Көсемшенің осы тұлғасы қазақ тілінде күрделі қимылды білдіретін КЕ жасайтын негізгі грамматикалық форма. Көрнекті ғалым Мархабат Томановтың көрсетуінше, өткен шақтағы *-ып* көсемшесі көне түркі ескерткіштер тілінде де дербес күйінде қолданылмаған, КЕ құрамында, құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сөйлемінің баяндауышы қызметінде, сондай-ақ әртүрлі көмекші сөздермен, форманттармен бір тіркес құрамында қолданылған. *-п* көсемшесі көне түркі ескерткіштері тілінде де өткен шақ мәнін беретін грамматикалық тәсіл болған [4, 95-б.]. Осы тұлғадан тарайтұғын *-пан, -пен*, және *-ыбан, -ібен* нұсқалары да болған.

«Күлтегін жырында» *-пан, -пен*, және *-ыбан, -ібен* тұлғалары жиі кездеседі. Күлтегін бітіктасының I бетіндегі мәтінінің 1-жолында:

«Öze Kök Teñiri asıra yağız Jer qılınraquda ekin ara kisi oğulu qılınmış kisi oğulınta öze eçüm aram Bumın qağan Estemi qağan olurmış **olurupan** Türuk budumıg Elin törüsün tuta bermis iti bermis (Жоғарыда Көк Тәңірі, Төменде қара Жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы басқаруға ата-бабам Бумын қаған, Істемі қаған отырған. **Отырып**, түркі халқының елін, заңын ұстай білген, иелік еткен.)» [5, 171-б.];

2-жолында:

«törüt buluñ qop yağı ermis **sü sülepen** törüt buluñtaqı budumıg qop almış qop baz qılmıs başlıgıg jüküntürmüs tizeligig sökürmüs ilgerü Qadırqan Işqa tegi keri Temir qarıgqa tegi qonturmıs (Төрт бұрыштың бәрі жау еді. **Әскер жүргізіп**, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, Тізеліні бүктірген)» [5, 171-б.], — делінген. Осындағы *olurupan* етістігі — «билік етіп», *sü sülepen* есімді-етістікті тіркесі — «әскер аттандырып» деген мағыналарды білдіреді. Мұндағы *-пан, -пен* жұрнақтары — көсемшенің жұрнақтары, ал *-у, мен -е* дыбыс үндестігінен туындаған форма.

Белгілі ғалым А.Кононов *-п* көсемшесін көне түркі тіліндегі *бол* етістігінің *-(ü)a, -(ü)e* тұлғалы көсемшелерімен бір тіркесте энклитикалық қолданылуы нәтижесінде қалыптасқан деген пікір айтады [6]. Ғалымның көрсетуінше, қатар келген *-(ü) -ыпан* аффикстері бертін келе кірігіп, *-(ы) -пан*, одан *-ып* жұрнағы пайда болған. Жорамалдарға сәйкес, кейінгі дәуірлерде көптеген түркі тілдерінде *-пан* күрделі жұрнағының құрамындағы *-ан* түсіп қалған болуы керек. Өйткені Хандық дәуір әдебиеті үлгілерінен, XV ғасырда өмір сүрген Асанқайғы Сәбитұлы, Қазтуған Сүйіншіұлы сынды жыраулардың шығармаларында да, лиро-эпостық жырларда да кездеспейді: *Ай, Хан ием, мен айтпасам, білмейсің, Айтқаныма көнбейсің. Шабылып жатқан халқың бар, Аймағын көздеп көрмейсің. Қымыз ішіп қызарып, Мастанып, қызып терлейсің, Өзіңнен басқа хан жоқтай Елеуреп неге сөйлейсің?! (А.Сәбитұлы) [7, 17-б.].*

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығында *-ып* көсемше тұлғасы тұр. Бірақ, осы жыраулармен замандас болған, орта ғасырдың көрнекті ақыны Әлішер Науаидың шығармаларында *-ібән (-ибон), -бон (-абон)* көсемшесі жиі кездеседі:

Тийра шомим дафъ қилди меҳр зоҳир айлабон, Яхши борди меҳрибонликларда шайғиллоҳ субҳ (Ә.Науаи) [8, 50-б.].

Осы мысалдағы *айлабон* сөзіндегі *айла* етістігі *қыл, ет* деген мағынаны білдіреді, ал *-бон* — көсемше тұлғасы. Бірақ қазіргі өзбек тілінде Ә.Науайдан қалған «Хар тунинг кадр ўлибон, Хар кунинг бўлсин Наврўз» бәйігінен тыс көсемшенің *-бон (-ибон)* тұлғасы осы түрінде қолданылмайды. Оның құрамындағы *-он* түсіп қалып, тек *-иб* жұрнағы қалған: *бориб келмоқ, олиб келмоқ, чопиб келмоқ; олиб бормоқ, етиб бормоқ; сотиб олмақ*, т.б.

Көне түркі тіліндегі *-ыбан* тұлғасының құрамындағы *-ан* қазіргі кей түркі тілдерінде, мысалы, якут тілінде сақталған. Якут тілінің етістік жүйесін тереңнен зерттеген ғалым Е.И.Коркина қазіргі якут тілінің, соның ішінде көркем әдебиет, мерзімді баспасөз, ауызекі сөйлеу тілінің үлгілерін туыстас басқа түркі тілдеріндегі көсемше тұлғаларымен салыстыра зерттей отырып, «Якут тіліндегі көптеген көсемшелердің, басқа түркі тілдерінен ерекшелігі сол, олар жіктеледі, көптеледі. Мысалы, *-ан, -а-ыы, -аары, -маоры, -ымына, -бакка* көсемшелері жіктік жалғауының үш жағын да қабылдай алады», — деп жазады [9, 78]. Әрі ғалым «*-ан* көсемше тұлғасының тарихи арғытегі көне түркі тіліндегі *-ыбан* көсемше тұлғасы деп атап көрсетеді» [10]. Ал қызметі жағынан, якут тіліндегі *-ан* көсемшесі қазақ тіліндегі *-ып* көсемшесімен бірдей. Өйткені, қазіргі қазақ тілінде де көсемшенің осы тұлғасы қимылдың өткен шақта болғанын көрсете отырып, үш жақта да жіктеледі.

Қазіргі түркітану ғылымында жалпы қабылданған қағида бойынша, көсемшелер алғаш пайда болған көсемшелер және кейін пайда болған көсемшелер деп екіге бөлінеді. Көсемшенің *-ып, -ип, -уп, -юп, -п* және *-а, -е, -й* тұлғалары түркі тілдерінде алғашқы пайда болған көсемше формаларына жатқызылады. Әзірбайжан ғалымы Айнель Мешадиева өзінің «Система деепричастных форм глагола в тюркских языках (тарихи-салыстырмалы аспектіде)» атты монографиясында «*-ып, -ип, -уп, -юп, -п* және *-а, -е, -й* тұлғалары көне түркі тілінде ең алғаш пайда болған формалар, сондықтан, қазіргі түркі тілдерінің дерлік барлығында кездеседі әрі семантикалық туыстығы жағынан бір-біріне өте жақын» [11, 36-б.], — деп жазады.

Қазіргі қазақ тілінде *-ып, -ип, -п* тұлғалы көсемшелер жіктелгенімен, морфологиялық тұрғыда түрленбейді, яғни көптелмейді, септелмейді, тәуелденбейді. Сөйлемде, егер күрделі етістіктің құрамында болмаса, пысықтауыш және баяндауыш қызметін атқарады. Белгілі ғалым А.Ысқақовтың айтуынша, «көсемшелер тек етістік негіздерімен, олардан өрбіген етістік формаларымен ғана тіркесетіндіктен, субстантивтік, адъективтік қызмет атқармайды, тек пысықтауыш, баяндауыш болады және күрделі етістік компоненттерінің құрамында негізгі я жетекші сыңар есебінде қызмет етеді» [12, 305-б.].

Жалпы, көсемшелер қимылдың орындалу мезгілін шақ категориясы сияқты айқын көрсетпейді, бірақ контексте оның бір нышанын көрсете алады. Осы қасиет *-ып, -ип, -п* тұлғалы көсемшелерге айрықша тән. Мысалы, *-ып, -ип, -п* тұлғалы көсемше жіктелгенде, қимылдың өткен шақта болғанына айқын меңзейді: *мен алыппын, сен алыпсың, ол алыпты*. Осы келтірілген жай сөйлемдердің үшеуінде де *-ып* көсемшесі қимылдың өткен шақта болғанын көрсетіп тұр. *-ып, -ип, -п* тұлғалы көсемшелердің КЕ құрамындағы қызметі дәл осыған негізделеді. Яғни, күрделі етістіктің ауыспалы сыңарын жасайтын *-ып* көсемшесі бірнеше (көбінесе екі) сатыдан тұратын күрделі қимылдың алғашқы, өткен шақта болуы тиіс сатысын білдіреді. Мысалы: *алып кел, сатып ал*.

Бұл ретте мына бір жайтқа ерекше көңіл бөлген жөн, ылғи етістік + *-ып* көсемшесі + етістік түрінде келген тіркесті етістіктер КЕ бола бермейді. Мысалы: *Шидем мен тон қабаттап киген малшы Бет қарауға шыдамай теріс айналды* (Абай), деген өлең жолдарында *қабаттап ки* — КЕ емес, етістіктердің еркін тіркесі. Өйткені *қабаттап* етістігі *мен ки* сабақты етістігі екі түрлі сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалып тұр. Сол секілді, *Дегенмен сол қара жерді нық басып тұрған аяқтың не себепті аспаннан келгенін ешкім анықтап айта алмайды* (З.Қабдолов, Жалын) деген сөйлемдегі *анықтап* етістігі баяндауыш қызметінде тұрған *айта алмайды* аналитикалық формалы етістігінің қимыл-сын пысықтауышы қызметін атқарып тұр. Осы сөйлемдегі *анықтап айта алмайды* етістіктер тіркесі қанша жерден күрделі құрылымға ие болғанымен, біртұтас күрделі қимылды білдіріп тұрған жоқ, сондықтан, оны КЕ қатарына жатқыза алмаймыз.

-а, -е, -й көсемшесі. Тілімізде *-ып, -ип, -п* көсемше тұлғасы КЕ жасайтын негізгі грамматикалық форма екенін жоғарыда айттық. Ал *-а, -е, -й* тұлғалы көсемше арқылы жасалған КЕ аса көп емес. Әрине, көсемшенің осы тұлғасы арқылы тіркесетін етістіктердің шегі жоқ, бірақ олардың барлығы да біртұтас күрделі қимылды білдіретін КЕ-ге жатпайды. Мысалы, *біле кет, көре кет, ала кет, байлай кет, кіре кет, міне кет, айта кет, айдай кет,*

т.б. КЕ мен *сөйлей кір, сыңғырлай күл, күлімсірей кір, асыға кет, тосырая қара, ашулана шық, сықылықтай күл* деген етістікті тіркестердің арасында айтарлықтай грамматикалық айырмашылық бар. Алғашқы мысалдағы КЕ бір ғана күрделі қимылды білдіретін морфологиялық бірліктер болса, кейінгі мысалдағы еркін етістік тіркестері құрамындағы компоненттері сөйлемде әркелкі сөйлем мүшесі болатын (көбінесе алғашқы компоненті сын-қимыл пысықтауышы, кейінгі компоненті баяндауыш) синтаксистік құрылыстар.

-а, -е, -й көсемше тұлғасы көне түркі тілінде де, қазіргі қазақ тіліндегідей, осы шақ көсемше тұлғасы ретінде қолданылған әрі түрколог ғалымдардың көрсетуінше, ол тұста дәл осы тұлғаның күрделі етістік жасау әлеуеті біршама кең болған. Осы тұрғыдан алғанда, *-а, -е, -й* көсемше тұлғасының қазіргі қазақ тіліндегі көсемшеден айырмашылығы аз, қайта мағыналық аясы кеңдей болғанын айтуға болады. Орхон жазба ескерткіштерін алғаш рет оқып, ескерткіштер тілін алғаш зерттеген ғалым В.Томсен *-а, -е*, және *-ы, -и, -у, -ү* тұлғалы көсемшелерін бір-бірінен мағыналық мәнерлері жағынан аздап қана ерекшеленетін фонетикалық варианттар деп қарастырады [4, 95-б.].

Түрколог ғалым А.М.Щербак *-ы* көсемше тұлғасы Х-ХІІІ ғасырлардың өзінде-ақ жекелеген сөздердің құрамында ғана сақталған өлі тұлғаға айналған. Қазіргі қазақ тілінде осы тұлғаның ізі *сайын (сай-ы-н), дейін (тег-і-н)* тәрізді шылаулардың құрамында сақталып қалған. Ал *-у, -ү* көсемше тұлғалары орта ғасырлардан жеткен жазба ескерткіштер тілінде кеңінен қолданылғанмен, бергін келе олар тілімізде қолданыстан шығып қалған, сондықтан оларды қазіргі қазақ тілінде кездестірмейміз. Нұсқаларының азаюына байланысты, бір кезде әртүрлі варианттарға тән болатын мағыналық реңктер жинала келе, *-а, -е, -й* көсемше тұлғаларына шоғырланған. Мәселен, көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде қимыл, іс-әрекеттің себебін, мақсатын білдіру мағынасында көбінесе *-у, -ү, -ы* көсемше тұлғалары қолданылған болса, қазіргі тілде осы қызметті *-а, -е, -й* көсемшелері атқарады [13, 158-б.].

Ғалым «Грамматика староузбекского языка» атты еңбегінде *-а, -е* көсемше тұлғаларының арғы тегі туралы айта келе, осы формалар қимыл есімі қызметінде қолданылғанын, орта ғасыр ескерткіштері тілінде осы тұлғаның үстіне *-рақ* шырай жұрнағы жалғанып та қолданылуы соны дәлелдейтінін көрсетеді [14, 170-б.].

Көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғалары қазіргі түркі тілдерінің бәрінде бар. Олар да, *-ып, -іп, -п* көсемшелері сияқты, алғаш пайда болған көсемше формаларына жатады. Түркологиялық әдебиеттерде *-а* тұлғалы көсемше осы шақ мәнін білдіретін, кейде келер шақты жасауға негіз болатын көсемше тұлғасы ретінде аталады [15, 474-б.].

Түркологияда, *-ып, -іп, -п* көсемшелерінің шығу төркіні белгісіз, ғалымдар арасында ол жайлы тек болжамдар ғана айтылған болса, ал *-а* тұлғалы көсемшенің шығу тегі туралы біршама жүйелі әрі бірізді ойлар айтылды, деуге болады. Сондай ғалымдардың бірі көрнекті түрік ғалымы Ж.Дени болды. Оның көрсетуінше, *-а* тұлғалы көсемшенің шығу төркіні етістіктің қалау мәнді білдіретін *-ғай, -гей* жұрнағына барып тіреледі [16, 882-б.].

Бірақ белгілі лингвист ғалым А.Н.Кононов көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғалары келер шақ мәнін білдіретін *-ар/ -ер* формаларынан бастау алады, оның өзі көне түркі тілінде барыс септігінің жалғауы болған *-ғар/ -гер/ -ғару, -геру* қосымшасынан бастау алады деген пікірді алға тартады [17, 478-б.].

Көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғалары түркі тілдерінде ерте бастан бар, ежелгі етістік формаларының бірі дедік. Олар Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінде де кездеседі: *Уч огуз суси баса калти – Үш оғыз әскері баса көктеп келді* [18, 20-б.].

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғалары кеңінен қолданылған. Мысалы: *Ақ Термәл кечә оғраклатдым* – Ақ Термел (өзенін) кеше (кешіп өтіп) шатыр тіктім; *Алтун йысыг аса кәлтміз* – Алтын орманын аса келдік [19, 119-120 бб.]; *Тоға, Ертіс үкүзик кечә йорыдымыз* – Біз Ертіс (өзенін) кеше (кешіп өте) жоғары көтерілдік [19, 74-б.]; *Сәләнәкә сыка санчдым, йазы қылтым* – Селенгіге жете жауға (найза) қададым, жеңдім [19, 146-б.].

Қазіргі қазақ тілінде *-а, -е, -й* тұлғалы көсемше арқылы жасалған КЕ-нің дерлік барлығын *-ып, -іп, -п* көсемшесі арқылы жасалған КЕ-нің іс-қимылдың жылдамырақ

атқарылуы тиіс екендігіне меңзейтін мағыналық реңкі немесе орындалуы тиіс қимыл жалпы іс-әрекеттің қосалқы бөлігі екендігіне меңзейтін немқұрайды тәсілі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, *алып кел*КЕ белгілі бір зат есімді алып келуді бұйырып тұр, ал *ала кел*КЕ іс-әрекеттің негізгі мақсаты басқа болып, қайтар жолда тағы бір затты алып келу бұйырады. Бірақ *-ып, -ін, -п* көсемшесі арқылы жасалған КЕ-нің барлығының да сыңарларының байланысу тәсілін *-а, -е, -й* тұлғалы көсемшеге өзгерту арқылы КЕ жасауға болмайды. Мысалы, *көріп кет, қонып кет, алып қайт, біліп кел* күрделі етістіктерін жасайтын көсемше жұрнағын алмастыру арқылы *көре кет, қона кет, ала қайт, біле кел* күрделі етістіктерін жасауға болады. Бірақ *қашып кел, жөнелтіп жібер, апарып бер, жасап ал* күрделі етістіктерінен *қаша кел, жөнелте жібер, апара бер, жасай ал* деп КЕ жасай алмаймыз. Соңғы тұрған *апара бер, жасай ал* тіркестері, әрине, тілімізде бар, бірақ олар *-ып* көсемшесін *-а* көсемшесіне алмастыру арқылы жасалған КЕ емес әрі жасалу жолдары да, грамматикалық категория ретіндегі тұлғасы да мүлде бөлек аналитикалық формалы етістіктер.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Оралбай., Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: — Оқулық. — Алматы, 2007., 390 б.
2. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. — Алматы: Азал-Ай, 2014. — 640 б.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. — Астана, 2002. — 784 б.
4. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. — Алматы, 1981, 206 б.
5. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Зерттеунама. — Алматы: «Ана тілі», 1995, 232 б.
6. Кононов А.Н. Опыт реконструкции тюркского деепричастия на п/б. // Вопросы языкознания, 1965, №5
7. Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Бұқар Қалқаманұлы, т.б. шығармалары. – Алматы: «НұрлыPress.kz», 2014 - 288 б.
8. Туйчибоев Б. Узбек тили тарихи. — Гүлстан, 2006, 306 б.
9. Деепричастия в якутском языке / Е. И. Коркина. отв. ред. Н. Е. Петров. Акад. наук СССР, Сиб. отд-ние, Якут. фил. Ин-т яз., лит. и истории. – Новосибирск: Наука, 1985. – 205 с.
10. Коркина Е.И. Деепричастие на *-бытынан* в якутском языке // Исследования по грамматике якутского языка, 1983, с. 64-72
11. Айнель Энвер кызы Мешадиева. Система деепричастных форм глагола в тюркских языках (в сравнительно-историческом освещении). Издательство «Язычы», Баку-2016, 234 с.
12. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. — басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Ана тілі, 1991, 384 б.
13. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII в. в. из Восточного Туркестана. М.—Л., 1961., 203 б.
14. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1962. 276 с.
15. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. М.: Наука, 1988, 562 с.
16. Denny J. Türk dili grameri (Osmanlı Lehçesi), çev. A. Ulvi Elöve. İstanbul: Maarif matbaası, 1941, 1142 s.
17. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкоголитературного языка. М.-Л.: Издательство АН СССР, 1956, 570 с.
18. Кулиев А. Неличные формы глагола в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнении с азербайджанским языком): Филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. Баку, 1978, 27 с.
19. Рәсәбов Ә., Мәтмәдов Ү. Орхон-енісей абидәләрі. Баки: Yazıcı, 1993, 400 s.